

6. Матузов Н.И., Малько А.В. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы: ЖШС «АйСан-Пресс» баспа үйі, 2013. – 583 б.

7. Қазақстан Республикасының прокуратурасы / ред. Тусупбеков Р.Т. – Алматы, 2002. – Б.34.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МӘНІ

Серікбаева С.С., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Әшірбекова А.Н., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазіргі кезеңде заңдылық пен құқықтық тәртіпті оң жолға бағыттау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттің басты міндеттері болып заңдылықты қатаң сақтау, құқықтық тәртіп бұзушылықты түбегейлі жою, қылмыстылықты және оның туындауына итермелейтін себептерді тамырымен жою танылады.

Елдегі заңдылық режимін және құқықтық жүйенің тұрақтылығын, сонымен қоса қолданыстағы заңдар аясында ұлттық құқықтың қарышты дамуын қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет құру міндеттері азаматтардың ең негізгі Конституциялық құқықтары мен бостандықтары мүмкіндіктерінің құқықтық кепілдемелерін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Қоғам қаншама ізгілікті болғанымен қылмыстық құқықбұзушылық кездесіп тұрады ал, оны болдырмау, мейлінше азайту үшін күресетін мемлекеттік органдар әр түрлі шаралар ұйымдастыра отырып алдын ала анықтауға, дер уақытында тоқтатуға ұмтылыс жасайды, соның салдарынан ондай әрекеттерді тиімді түрде алдын алып, кінәлілерге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының ең қатаң түрін қолданады.

Құқықтық мемлекет құрудағы маңызды мақсаттардың бірі, қылмыстылықпен күресті күшейту болып табылады. Бұл салада қылмыстық заңдарды реформалау, оның нормаларын қазіргі даму кезеңінің қоғам қажеттілігіне сәйкестендірудің маңызы өте зор.

Өзінің «сындарлы он жыл» еңбегінде Елбасшымыз Н.Назарбаев «Бүгінгі өмірде ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы айрықшы көкейкесті сипат ала түсуде. Әрине бұл процестің көрінісі ретінде адамзат қауымдастығының өмір сүруіне төнген осы заманға қауіп-қатерге қарсы тұруға бейімделген жаңа құрылымдардың туындай бастауын айтуға болады» - деген, пікіріне сай елімізде қылмыстық жауапкершіліктің мәселелеріне жаңаша қарау бағыты анықталды [1, 32-33]. Президентіміз бағыттағандай, елімізде нормашығармашылық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жүйелеу, заңнама салалары бөлігінде одан әрі топтастыру; оны ескірген және қайталама нормалардан арылту, құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толықтыру, қолданыстағы құқықтағы ішкі қайшылықтарды жою; заңдардағы сілтеме нормаларды азайту және Конституцияға сәйкес заңнамалық актілер қабылдана алатын мәселелер тобы шеңберінде тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау практикасын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Құқықтық саясатқа кешенді көзқарас барлық нормативтік-құқықтық базаны мемлекет дамуының жалпы стратегиясы тұрғысында, оның ішінде нәтижелілік, ашықтық және есептілік принциптерінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін жасау жөнінен жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық құқық теориясы мен тәжірибесін жаңаша бағалау, ұғыну. Қылмыстық құқықтың қазіргі жай-күйін бағалай отырып, оны серпінді дамыту мемлекетіміздің басты бағыттарының бірі. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс – қылмысқа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың, қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асырудың пәрменді құралы.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті бекітудегі тәжірибелік мәселелерді шешуде, маңызды рөлді қылмыстылықпен күресті қамтамасыз ететін, қоғамдық-құқықтық жүйе элементі ретінде қылмыстық құқық атқарады. Кез-келген мемлекет кепілдік беретін басты құндылықтарын жауапкершілікпен үрейлендіру және оны кінәлілерге жүктеу жолымен қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғай алады.

Сондықтан, азаматтарды қылмыстық әрекет істеуден тежеуші фактор ретінде қылмыстық жауапкершілік мейлінше анық, түсінікті болуы тиіс. Әрі, қылмыстық жауапкершілік негізі мазмұнынан Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының алдында тұрған міндеттерді шешуді қамтамасыз етуге жатпайтын белгілерді алып тастаған жөн.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауапкершілік тақырыбы орталық және даулы мәселелердің қатарына жатады. Бір жағынан елімізде өткізілген реформалардың салдарынан өзгеруге ұшыраған әлеуметтік, экономикалық жүйе, қоғамда кездесетін құқықтық нигилизм, екіншіден, әлемнің ғылым мен техникалық деңгейінің қарқынды өсуі, қоғамды индустриализацияға көшіру жағдайлары құқықтағы жауапкершілік мәселелерін шешудің жаңа тәсілдерін қалыптастыруды талап етеді.

Халық мұрасын қайта жандандырып қоғам кәдесіне, келешек ұрпақ мұратына жарату зор міндет болып табылады. Міне, осыған байланысты ұлы даланың әдет-ғұрып құқығына шолу жасауға, оның ішінде қылмыстық құқығы бойынша жауапкершілік түсінігіне тоқталуға бел будық.

Дәстүрлі қазақ құқығына далалық құқық, көшпелі құқық немесе еркіндік құқығы деген мінездеме толығымен үйлесімін табады. Бұндай теңеулер дәстүрлі құқықтың мәдени болмысы мен тарихи ерекшеліктеріне және құндылық-қасиеттері мен мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты десек қателеспейміз.

Қазақ халқының дәстүрлі құқығы барлық халықпен қабылданатын еркіндік, сүйспеншілік идеяларын, қағидаларын бекітті. Дәстүрлі құқықтың негізгі қамтамасыз ету механизімі қоғамдық пікір қалыптастыру, соның ішінде өзіндік сана қалыптастыруда біріңғай социумның бір бөлшегі ретінде тек өзінің өміріне ғана емес өз рулас туыскандарының да өміріне жауапты екендігін толық түсінуін қамтамасыз ету болды. Дәстүрлі құқықтың мұндай көрінісін қылмыс пен жаза жөніндегі ережелерден байқауға болады.

Қоғам алдында өз жауаптылығын жете сезінген әр азамат қылмысты ауыздықтауға, жеке адамның құқығын қорғауға, мемлекеттің негізгі тірегі-қоғамдық қатынастарды реттеуге бетімен кеткен келеңсіз істерді жөнге салу үшін қылмысты әшкерлеп, заңның орындалуы үшін өз үлесін қосуы керек. Қылмыс - адам баласы жаратылған кезден бері бірге жасап келе жатқан адам бойындағы ең жаман, келеңсіз қоғамдық құбылыс. Қазақтың көшпелі қоғамында қылмыс адамдардың қоғаммен, қоршаған ортамен және «о дүниемен» қарым-қатынастағы үйлесімділік пен тәртіпті бұзған іс-әрекеттер болып табылды. Қазақ құқығындағы қылмыс түсінігі азаматтық құқықбұзушылыққа ұқсас. Жәбірленуші талапкер, ал қылмыскер жауапкер деп атаған. Қылмыстық іс-әрекеттен келтірілген зардап азаматтық құқықтағыдай зиян деп танылған. Басқа да елдердің әдет-ғұрып құқықтарында Қазан төңкерісіне дейін патриархалды-феодалдық қатынастарда, қылмыс пен азаматтық құқықбұзушылық түсініктерінде айырмашылық аз болған. Біздің ойымызша, бұл экономикалық базистің аз дамып, қоғамның саяси құрылымының әлсіз болуына байланысты. И. Козлов былай деп жазған: «Қырғыздарда заңгерлер ажырата алатын азаматтық және қылмыстық дұрыс еместік туралы мазмұны мен нысаны бойынша дамымаған түсініктер бар» [2, 141].

Ш. Уәлиханов қазақтардың сауаттылығы туралы айта отырып: «Орыстар мен басқа да еуропалықтар сияқты қазақтардан қылмыс пен құқық бұзушылықты айыруды талап етуге болмайды» деген. Қазақ феодалдық қоғамында бұқара халықтың құқықтық санасы өспеуінің себебі, феодалдық-рулық топтардың өкілдері ғасырлар бойы өздерінің құқықтық көзқарастарын және құқықтық нормаларын еңбек етуші қазақтар арасында таратып міндетті орындалуға жататын сахнаға шақырған. [3, 113]. Шын мәнінде билік етуші топ қылмыс пен азаматтық құқықбұзушылықтарды ажырата білген. Бірақ бұл топқа осы білімдерін құқық нормаларында бекіту тиімді болмаған. Осы екі түсініктің арасындағы кішкене ғана айырмашылық сотта бір іс-әрекетті әр түрлі, жауапкердің немесе қылмыскердің материалдық жағдайына байланысты қарастыруға және әртүрлі жаза қолдануға мүмкіндік берді. Ал мәдени және құқық санасы аз дамыған халық қылмыстық және азаматтық құқық бұзушылықтар арасындағы айырмашылықты түсінбеді.

Біз қазақ қоғамындағы қылмыс түсінігін, бұрынғы замандағы қазақтар арасындағы қылмыстық іс-әрекеттер мазмұнын, Кеңестік Қазақстандағы патриархалдық-феодалдық қалдықтар туралы айтқанда, абстрактілі түрде олардың пайда болу және даму жағдайларын ескермей талқылай алмаймыз.

Қазақ қоғамындағы «қылмыс» түсінігіне қазақ даласында пұтқа табынушылық пен мұсылмандықтың араласуының да үлгісі болып табылатын дін де айтарлықтай әсер еткен. Дегенменен дінге қарсы қылмыстар саны аз. Кейде қастандықтың қылмыстық сипаты діни ережелерді бұздан ажыратылмаған болатын. Қазақ халқының басым көпшілігінде үстемдік еткен көзқарастар бойынша, жаман қылық істеген адам сонымен бірге, үлкен күнә істеген болып саналды және керісінше. Бірақ ол қоғамда қоғамдық қауіпті әрекеттердің адамгершілікке жат,

дінге қарсы әрекеттерден ажыратылмағанының куәсі емес. Қылмыстың заңдық түсінігінің діни-нанимдық түсініктермен араласуы қылмыстардың белгілі бір түрлеріне ғана қатысты орын алған.

Мұның барлығы сол кездегі қазақ дәстүрлі құқығындағы қасақана және абайсыздағы қылмыстарды ажырату болғанын куәләндірады, дегенмен оларды ажырату дәстүрлі құқықта нақты болмаған. Тағы да бір көңіл аударар жай сол уақытта, құқықтық мәртебесі жоғары тұлғалардың кейбір жасаған қылмыстары қылмыс болып танылмағандығын айтуға болады. Мысалы, ру басының, билердің жауабы, қожайынның құлды ұруы немесе өлтіруі, көзге шөп салу кезінде ұсталған әйелін күйеуінің ұруы, барымта, көп әйел алу, табыс алу сияқты іс-әрекеттері қылмыс болып табылмады.

Демек, қазақтардың дәстүрлі құқығында феодалдық билеушілердің экономикалық әлеуметтік және саяси мүдделеріне, рухани-материалдық тұрғыда зиян келтірген жағдайда және өздері заңдастырған құқық тәртібін бұзған әрекеттер ғана іс жүзінде қылмыс деп танылған. Яғни, қоғамдық қауіптілік әрекеті басым болған мемлекеттік маңызы зор істер ғана қылмыс деп мойындалған.

Жоғарыда біз ертедегі дәстүрлі құқық және Тәуке ханның «Жеті Жарғысындағы» құқықтық заң ережелерінің ауызша-жазбаша нұсқаларында қылмыстық әрекеттердің тізбелері көрсетілгенін және бұларға белгілі бір дәрежеде жаза тағайындалғанын баяндағанбыз. Атап айтқанда: ұрлаған мүлік үшін оның құнын бірнеше есе асырып төлеу айыбы, барымталап алған мал үшін оның құны ғана алынатынын мысалға келтіргенбіз. Мұның астарында қазақтың дәстүрлі құқық нормаларында қоғамға қауіпті және қоғамға қауіпті емес әрекеттерді саралағанда, құқықтық маңызы зор болуы және субъективтік себептерін ашуда қылмыстың жасалу себептерімен қоса оның объективтік іс-әрекеті әркімге дәрежеленіп, билер сотында соған орай сараланып қорғалған.

Мәселен, хандардың, сұлтандардың, билердің жеке басына, намысы мен қадір-қасиетіне және ру ақсақалдарына қол жұмсау – ең ауыр қылмыс. Сондай-ақ, отбасына қарсы жұмсалған қылмыстық іс-әрекеттер де ауыр қылмыс санатына кірген.

Осы тұрғыдан алғанда қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарында мемлекеттік қылмыс немесе саяси қылмыстық әрекет деген ұғым бөлек-жара қаралмайды. Бұны орталықтандырылған мемлекеттің әлсіз дамуына сәйкес «мемлекеттік қылмыс» деген жал-пы ұғымның үстемдік алмауымен түсіндіру қажет. Оның мынандай сыр-сипаты болды. Патриархалды-феодалдық қарым-қатынас жағдайында мемлекетті билеушілер ертеден келе жатқан құқықтық норма өлшемдерімен барлық жазаланатын қылмыстық іс-әрекеттерді қамтып, жауапкершілік орнатудың құқықтық мәнін ғана қадалаған. Оған мысал ретінде V-VI ғасырларда тарих сахнасына шыққан Түркі мемлекеті дәуіріндегі аса қауіпті қылмыс деген: «өз еліне опасыздық жасау», «ұрыс даласынан қашып кету», «ел мүддесін сырттан сату» сияқты іс-әрекеттер мемлекеттік қылмыс түрлеріне жатқан. Мұндай елдік мүддеге нұқсан келтірген қылмыс жасаушыларды мемлекеттің ең жоғарғы құқықтық орны – елдің құрылтай жиналысында, хандар мен сұлтандар алдында Билер кеңесінде қаралып, мемлекет мүддесін сатқан айыпкерлерге өлім жазасы берілген.

Мемлекеттік қылмыстардың ең ауыр сипатына кірген саяси желеумен ханды өлтіру де өзге де қылмыс түрлерімен бір деңгейде қаралған. Ал, мұндай қылмысқа жаза тағайындау билер тарапынан басымдау болған. Яғни, билеуші ақсүйектерге қол көтеру, өлтіру өте ауыр қылмыстық әрекет ретінде қаралып, ең қатал жазаға тартылған. Мысалы, бүкіл қазақ еліне әйгілі болған Әбілқайыр ханның қазасы аса ірі мемлекеттік қылмыс құрамына жатқан. Бірақ сол заманның билері Баракты өлім жазасынан босаттырып жіберген. Оған себеп – Әбілқайыр мен Барақ сұлтанның араларындағы бұрыннан бітіспей келе жатқан өшпенділік. Қазақта «Қардың басын қар алады жауып тұрып, ханның басын хан алады шауып тұрып» деген аталы сөз бар. Бұл мәтел – билік үшін күрескен тақа таласта хан-сұлтандардың бірін-бірі өлтірген осындай кекшіл әрекеттерінен туындаған өмір шындығы. мазмұны жағынан мемлекеттік күштеу мәні бар жауаптылықтың түрі. Өйткені мемлекет кез-келген қылмысқа тиісінше баға бере отырып, оны істеген адамға мемлекет тарапынан заңда көрсетілген күшпен орындауды тиісті шараларда қолдануды жүзеге асырады. Яғни, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнының өзі сол субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді. [4, 184].

Қылмыстық жауаптылық - өзінің нысаны, мазмұны жағынан мемлекеттік күштеу мәні бар жауаптылықтың түрі. Өйткені мемлекет кез-келген қылмысқа тиісінше баға бере отырып, оны істеген адамға мемлекет тарапынан заңда көрсетілген күшпен орындалуға тиісті шараларды қолдануды жүзеге асырады. Яғни, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнының өзі сол

субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді.

Қылмыстық жауаптылықтың мазмұны (теріс қылыққа моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет, қоғам тарапынан қылмысын бетіне басу) және заңдылық (қылмыс істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары). Бұлар қылмыстық жауаптылықтың маңызды, мәнді екі бөлігі болып табылады. Осыған байланысты жауаптылықты жүзеге асыру екі нысанда көрінеді: бірі - әлеуметтік талаптарды субъект өз еркімен орындайды, екіншісі - әлеуметтік талаптарды субъект мәжбүрлеп орындайды. [5, 34-35]. Осы екінші көрініс қылмыстық жауаптылыққа тән келеді. Қылмыстық жауаптылық азаматтық-құқықтық, әкімшілік, материалдық жауаптылықтар сияқты құқықтық жауаптылықтың бір түрі және ең қатал түрі болып табылады.

Қорыта келе, мынадай тұжырымдарға келуге болады: Біріншіден, қазақтың дәстүрлі құқығындағы қылмыстық жауапкершілік институты сонау ежелгі көшпенділердің дәуірінен бастау алады. Мемлекеттің негізгі тірегі-қоғамдық қатынастарды реттеуге бетімен кеткен келеңсіз істерді жөнге салу үшін қылмысты әшкерлеп, заңның орындалуы үшін өз үлесін қосуда адам баласы жауапкершілікті жете сезінуі қажет, десек қазақтың дәстүрлі құқығында да қылмысқа қатаң тыйым салынып, жасалған жағдайда зардаптарын жою үшін бірқатар шаралар қолданылған. Бұдан көшпенділердің қылмыс жасалған жағдайда, оған лайықты жауап болу керек деген пікірлерін аңғаруға болады.

Екіншіден, қазақтың құқығында қылмыс субъектісі қылмыстық жауапкершілік субъектісіне сай келмейді. Мұнда кінәлінің жеке жауапкершілігі отбасы, ауыл, ру мүшелерінің ұжымдық жауапкершілігімен толықтырылады. Қылмыстық ұжымдық жауапкершілік негізінен мүліктік жауапкершілік түрінде болатын және оның күші жеті ұрпаққа дейін сақталған. Үшіншіден, мүліктік талаптар жазалау ғана емес, келтірілген шығынның орнын толтыру және кекті қанағаттандыру деп саналады.

Қазақтың дәстүрлі құқығындағы қылмыстық жауапкершілік институтының қалыптасуы мен дамуы, Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қылмыстық жауапкершіліктің ұғымы, қылмыстық жауапкершіліктің мәні мен мазмұны, қылмыстық жауапкершіліктің негізі және жүзеге асырылу шаралары мен жолдары мәселелеріне терең талдау нәтижесінде теориялық және тәжірибелік мәні бар төмендегідей қорытындылар мен тұжырымдарды түйіндеді:

1. Қазіргі құқықтық реформаларды тиімді ойластыру арқылы, оны мемлекеттік құрылым мен құқық жүйесі бастауларына айналдыруда, халқымыздың құқықтық болмысы мен мәдениетін бойымызға сіңіруде Республиканың бүгіні мен болашағына ғана емес өткен тарихына да жаңа бағыт, жаңа көзқарастар қалыптастыруды қажет етеді. Халық мұрасын қайта жандандырып қоғам кәдесіне, келешек ұрпақ мұратына жарату зор міндет болып табылады. Міне, осыған байланысты ұлы даланың әдет-ғұрып құқығына шолу жасауға, оның ішінде қылмыстық құқығы бойынша жауапкершілік түсінігіне тоқталуға бел будық.

Қазақ халқының дәстүрлі құқығы барлық халықпен қабылданатын еркіндік, сүйспеншілік идеяларын, қағидаларын бекітті. Дәстүрлі құқықтың негізгі қамтамасыз ету механизімі қоғамдық пікір қалыптастыру, соның ішінде өзіндік сана қалыптастыруда бірінғай социумының бір бөлшегі ретінде тек өзінің өміріне ғана емес өз рулас туыскандарының да өміріне жауапты екендігін толық түсінуін қамтамасыз ету болды. Дәстүрлі құқықтың мұндай көрінісін қылмыс пен жаза жөніндегі ережелерден байқауға болады.

Біріншіден, қазақтың дәстүрлі құқығындағы қылмыстық жауапкершілік институты сонау ежелгі көшпенділердің дәуірінен бастау алады. Мемлекеттің негізгі тірегі-қоғамдық қатынастарды реттеуге бетімен кеткен келеңсіз істерді жөнге салу үшін қылмысты әшкерлеп, заңның орындалуы үшін өз үлесін қосуда адам баласы жауапкершілікті жете сезінуі қажет, десек қазақтың дәстүрлі құқығында да қылмысқа қатаң тыйым салынып, жасалған жағдайда зардаптарын жою үшін бірқатар шаралар қолданылған. Бұдан көшпенділердің қылмыс жасалған жағдайда, оған лайықты жауап болу керек деген пікірлерін аңғаруға болады.

Екіншіден, қазақтың құқығында қылмыс субъектісі қылмыстық жауапкершілік субъектісіне сай келмейді. Мұнда кінәлінің жеке жауапкершілігі отбасы, ауыл, ру мүшелерінің ұжымдық жауапкершілігімен толықтырылады. Қылмыстық ұжымдық жауапкершілік негізінен мүліктік жауапкершілік түрінде болатын және оның күші жеті ұрпаққа дейін сақталған. Үшіншіден, мүліктік талаптар жазалау ғана емес, келтірілген шығынның орнын толтыру және кекті қанағаттандыру деп саналады.

Бұдан көшпенділердің қылмыс жасалған жағдайда, оған лайықты жауап болу керек деген пікірлерін аңғаруға болады. Мүліктік талаптар жазалау ғана емес, келтірілген шығынның орнын толтыру және кекті қанағаттандыру деп саналады.

2. Қоғам өз мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік талаптар қояды, мұндай талаптарды орындамау жауаптылыққа әкеп соғады. Орындалмаған талаптың сипатына қарай бұл жауаптылық моральдық немесе құқықтық болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылық мәселесін зерттеуге айтарлықтай көңіл бөлінгенімен, оның түсінігі, анықтамасы төңірегінде әлі де болса пікірталастар жетерлік. Қылмыстық жауаптылықтың түсініктемесін берген авторлар, көбіне қылмыстық жауаптылықты белгілі бір категориямен теңдестіру арқылы, мысалы «қылмыстық жауаптылық» және «жаза», «қылмыстық жауаптылық» және «кінә», «қылмыстық жауаптылық» және «қылмыстық құқықтық қатынас» терминдерімен байланыстырып зерттеген.

Осы тұжырымдамалардың ішіндегі маңыздысы қылмыстық жауапкершілікке берілген анықтама. Біздіңше, қылмыстық жауапкершілікті адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, мақсатында қолданылатын сот үкімімен кінәлі деп танылған қылмыс істеген адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуге бағытталған қылмыстық құқықтық ықпал етудің құралы ретінде қарастыруға болады. [6, 57].

Қылмыстық жауаптылық мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді. Құқықтық әдебиетті талдау нәтижесінде барлық ғалымдардың келесі ережелерге байланысты бірдей пікір ұстанатынын анықтаймыз.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы «қылмыстық жауапкершілік» тіркесін кең қолданғанымен, оның түсінігін сомдайтын анықтаманы бермейді, оның мазмұны мен мәнін ашпайды, нәтижесінде көптеген күрделі әрі даулы шешілмеген сұрақтар туғызады. Осы тұрғыдан келгенде, Қылмыстық заңнамасында осы мәселелер нәтижелі шешілген шет мемлекеттердің жағымды тәжірибесі мемлекетіміз үшін бағалы болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Сындрлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.
- 2 Ахметова Н.С, Кожаметов Ф.З. История государства и права Республики Казахстан. ч 1. - Караганда: Издательство КарГУ им. Е.А. Букетова, 2001. - 334 с.
- 3 Дулатбеков Н. Әдет-ғұрып заңдарындағы жаза тағайындау // Заң және заман. - 2002. - №4. - Б.113-118.
- 4 Беккария Ч. О преступлениях и наказаниях. - М.: Инфра-М, 2004. - 184 с.
- 5 Ағыбаев А. Қылмыстық жауаптылықтағы толықтырулар // Заң. - 2002. - №9. - Б. 34-40.
- 6 Бұғыбай Д. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі мен мазмұны // Тураби. - 2007. - №3. – Б.57-60.